«ZIATKER TURAN» ЖШС 2024-2025 оқу жылындағы

9-сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарына анықтама

Тәрбие жұмысы оқу жылына арналған сынып сағаттарының жоспарына сәйкес жүйелі түрде жүргізілді. Сынып сағаттарында оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп, пікірталас, сұрақ-жауап, тренинг, пікір алмасу, ақпараттық түсіндіру, шығармашылық тапсырмалар және тәрбиелік әңгімелер ұйымдастырылды.

Негізгі тәрбие бағыттары

Оқу жылы барысында тәрбие жұмысы төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- азаматтық және патриоттық тәрбие;
- рухани-адамгершілік тәрбие;
- ұлттық құндылықтарды дәріптеу;
- құқықтық тәрбие және жауапкершілік;
- еңбек және кәсіби бағдар беру;
- отбасылық құндылықтарды насихаттау;
- экологиялық тәрбие;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- ақпараттық және цифрлық қауіпсіздік;
- буллинг пен кибербуллингтің алдын алу;
- жол қозғалысы қауіпсіздігі;
- төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік;
- оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыру.

I тоқсан

Қыркүйек айында тәрбие жұмысы «Еңбеккорлық және кәсіби біліктілік» айлығы аясында ұйымдастырылды.

Оқу жылының алғашқы сынып сағатында «Мектебім мейірім мекені!» тақырыбы қарастырылып, оқушыларға мектептегі өзара сыйластық, достық қарым-қатынас және мектеп ережелерін сақтау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Жол қозғалысы ережелерінің шығу тарихы. Жол белгілерінің халықаралық тілі» тақырыбында оқушылардың жол қауіпсіздігі туралы білімдері толықтырылды. Сонымен қатар отбасындағы сыйластық пен өзара түсіністік мәселелеріне көңіл бөлінді.

«Буллингтен қорған!» тақырыбында буллингтің түрлері, оның алдын алу жолдары, қиын жағдайда көмек сұрау және өз құқықтарын қорғау мәселелері талқыланды.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Еңбек түбі береке» тақырыбында еңбеккорлықтың адам өміріндегі маңызы түсіндірілді.

Қауіпсіздік сабақтарында жедел жәрдем және сенім телефондары, төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекет, желідегі жас шектеулері және жеке қауіпсіздік мәселелері қамтылды.

Қазан айында «Тәуелсіздік және отаншылдық» бағытына басымдық берілді. «Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызметі, ұстазды құрметтеу, туған жерге деген сүйіспеншілік, цифрлық әлемдегі қауіпсіздік және Республика күніне арналған «Қазақ елі – менің Отаным» тақырыптары бойынша сынып сағаттары өткізілді.

Оқушыларға Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері, ел тарихы, туған жерді құрметтеу және азаматтық жауапкершілік туралы түсініктер берілді.

II тоқсан

Қараша айында тәрбие жұмысы «Әділдік және жауапкершілік» құндылықтарына бағытталды.

«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» тақырыбында адалдық, еңбеккорлық және жауапкершілік ұғымдары талқыланды. Ұлттық валюта – теңге күніне орай Қазақстанның ұлттық валютасының тарихы мен маңызы туралы ақпарат берілді.

Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында құқықтар мен міндеттер, жауапкершілік, қауіпсіздік және салауатты өмір салты мәселелері қарастырылды.

«Буллингтен қорған!» тақырыбында оқушыларға буллинг пен кибербуллинг жағдайында дұрыс әрекет ету, қауіпсіздік алгоритмін сақтау және сенімді ересектерден көмек сұрау жолдары түсіндірілді.

«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» тақырыбында табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау мәселелері қозғалды.

Желтоқсан айында «Бірлік және ынтымақ» құндылықтарына басымдық берілді.

«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы арқылы оқушылардың қоршаған ортаға жауапкершілігі қалыптастырылды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сабақ барысында еліміздің тәуелсіздік тарихы, ұлттық бірлік пен ел болашағына жауапкершілік туралы пікір алмасу жүргізілді.

Жаңа жыл қарсаңында оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруға бағытталған «Жаңа жылдық тарту» тақырыбындағы тәрбие жұмысы ұйымдастырылды.

III тоқсан

Қаңтар айында тәрбие жұмысы «Заң және тәртіп» құндылығына негізделді.

«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында адалдық, әділдік, парасаттылық және құқықтық мәдениет мәселелері талқыланды.

«Заң және Тәртіп» құндылығы аясында оқушыларға жол қозғалысы ережелері, көшеден қауіпсіз өту, қоғамдық көліктегі тәртіп және азаматтық жауапкершілік туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Буллингтен қорған!» тақырыбындағы сабақта оқушылардың бір-біріне құрметпен қарауы, жанжалдарды бейбіт жолмен шешуі және өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуі қарастырылды.

Ақпан айында «Жасампаздық және жаңашылдық» айлығы аясында цифрлық қауіпсіздікке ерекше назар аударылды.

«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбында интернет кеңістігіндегі қауіпсіздік, әлеуметтік желілерді жауапкершілікпен пайдалану, жеке ақпаратты қорғау және қауіпті интернет-контенттен сақтану мәселелері қарастырылды.

Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күніне орай оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыруға бағытталған түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен бірге алғашқы медициналық көмек көрсету, төтенше жағдай кезіндегі әрекет және құқықтық тәртіп мәселелері қамтылды.

Наурыз айында «Тәуелсіздік және отаншылдық» бағыты жалғастырылды.

«Алғыс – ізгі ниет» тақырыбында оқушыларды ризашылық білдіруге, үлкендерді құрметтеуге және айналасындағы адамдарға ізгі қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу жұмыстары жүргізілді.

«Ананың аялы алақаны» челленджі арқылы отбасы құндылықтары, анаға деген құрмет және ата-ана мен бала арасындағы өзара түсіністік мәселелері насихатталды.

«Наурыз – жыл басы» тақырыбында ұлттық салт-дәстүр, ұлттық мәдениет, бірлік пен ынтымақ құндылықтары дәріптелді.

IV тоқсан

Сәуір айында тәрбие жұмысы «Еңбеккорлық және кәсіби біліктілік» айлығы аясында ұйымдастырылды.

«Өмірге салауатты қадам» тақырыбында салауатты өмір салты, денсаулықты сақтау және жеке жауапкершілік мәселелері қарастырылды.

Оқушыларға болашақ мамандықты таңдаудың маңызы, кәсіби бағдар, еңбексүйгіштік және білімнің адам өміріндегі орны туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Буллингтен қорған!» тақырыбындағы сынып сағатында қауіпсіз орта қалыптастыру, озара сыйластық және киын жағдайдан шығу жолдары талқыланды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы аясында «Атадан өсиет, анадан – қасиет» тақырыбындағы ата-аналарға арналған шеберлік сынып ұйымдастырылды.

«Біз әртүрліміз, бірдейміз» тақырыбында толеранттылық, өзара құрмет, тең қарым-қатынас және әр адамның жеке ерекшелігін қабылдау мәселелері қарастырылды.

Мамыр айында тәрбие жұмысы «Бірлік және ынтымақ» құндылығына бағытталды.

Қазақстан халқының бірлігі күніне орай достық, ынтымақтастық және этносаралық сыйластық туралы тәрбие жұмыстары жүргізілді.

Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күніне байланысты оқушылардың бойында отансүйгіштік, тарихи жады, ел қорғаған азаматтарға құрмет сезімдерін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар өткізілді.

«Қауіпсіз қоғам» тақырыбында оқушылардың жеке қауіпсіздігі, цифрлық қауіпсіздік және төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттері пысықталды.

«Білімім – Отаныма!» тақырыбында оқушылардың білім алуға деген жауапкершілігі, алған білімін ел игілігіне пайдалану және болашаққа мақсат қоя білуі туралы пікір алмасу ұйымдастырылды.

Қауіпсіздік сабақтары

Оқу жылы барысында 9-сынып оқушыларына арналған қауіпсіздік сабақтары жүйелі түрде жүргізілді.

Сабақтарда келесі тақырыптар қамтылды:

- Төтенше жағдайлар кезіндегі әрекет;
- Жедел жәрдем және сенім телефондары;
- Жол қозғалысы ережелері;
- Өрт, жер сілкінісі, су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік;
- Жеке деректерді қорғау;
- Интернеттегі жас шектеулері;
- Кибербуллинг;
- Қауіпті селфи және қауіпті челленджер;
- Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас;
- Ата-анамен және сенімді ересектермен ашық сөйлесу;
- Алғашқы медициналық көмек;
- Салауатты және қауіпсіз өмір салты.

Қауіпсіздік сабақтарының негізгі мақсаты – оқушылардың күнделікті өмірде кездесетін қауіптерді дұрыс бағалап, өз өмірі мен денсаулығын қорғауға қажетті әрекет алгоритмін меңгеруіне жағдай жасау.

Қорытынды

2024-2025 оқу жылында 9-сыныптарда тәрбие жұмысы жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізілді. Сынып сағаттары барысында оқушылардың азаматтық жауапкершілігін, патриоттық сезімін, құқықтық сауаттылығын, еңбекке деген құрметін, отбасылық және ұлттық құндылықтарға оң көзқарасын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар атқарылды.

Оқушылар буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, интернеттегі қауіпсіздік, жол қозғалысы ережелері, төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекет және салауатты өмір салты бойынша білімдерін толықтырды.

Сонымен қатар оқушылардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өз пікірін еркін білдіруіне және ұжымда өзара сыйластық орнатуына жағдай жасалды.

Жыл бойы өткізілген тәрбие жұмыстары оқушылардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және мектеп, отбасы мен қоғам арасындағы өзара байланысты нығайтуға бағытталды.

Ұсыныстар

1. Оқушылардың құқықтық және цифрлық сауаттылығын арттыру жұмыстарын жалғастыру.
2. Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бағытындағы профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу.
3. Кәсіби бағдар беру жұмыстарын күшейту.
4. Ата-аналармен бірлескен тәрбиелік іс-шараларды көбейту.
5. Оқушылардың волонтерлік, шығармашылық және қоғамдық жұмыстарға қатысу белсенділігін арттыру.
6. Қауіпсіздік сабақтарында практикалық тапсырмалар мен жағдаяттық жаттығуларды көбірек қолдану.

Жасалған жұмыстардың дәлелдеме құжаттарының үлгісі қосымшада ұсынылды. (9 В сынып)

Сынып жетекші, әдістеме бірлестік жетекшісі: Д.Халбаева
Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: М.А.Жадикова